

С.З. Сайдұллаев<sup>1</sup> , А.С. Ақтымбаева<sup>2\*</sup> , Б.И. Ақтымбаева<sup>2</sup> ,  
А.М. Нуржанова<sup>1</sup> , Е.Х. Какимжанов<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Нархоз Университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

\*e-mail: Alyiya@kaznu.kz

## АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІН ДАМУДАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТТАР

Мақала Қазақстан Республикасы Алматы облысының емдік-сауықтыру туризмінің даму әлеуетін бағалауға арналады. Аталған өңір өзінің географиялық орналасуымен, таулы бедерімен және бай табиғи ресурстарымен ерекшеленеді. Зерттеудің басты мақсаты – осы аумақта емдік ресурстарын анықтау және туристерді тартуда оның әлеуетін бағалау.

Зерттеу геология және жер қойнауын пайдалану комитеті ұсынған деректер негізінде жүргізілді. Алматы облысының емдік су ресурстарын айқындау бойынша карта-схема әзірленді. Алынған нәтижелер осы өңірдің барлық ауданы емдік ресурстарға ие еместігін көрсетті, алайда қоры жағынан үлкен Албан Арасан термалды су көзін ерекше атап өткен жөн. Албан Арасан су көзі емдік-сауықтыру туризмінің дамуына септігін тигізетін елеулі әлеуетке ие. Ол отандық демалушылар мен шетелдік туристердің тартылу нүктесіне айналуы әбден мүмкін. Осы саланың табысты дамуы үшін инфрақұрылымды қалыптастыру, сапалы сауықтыру қызметтерімен қамтамасыз ету, туристік маршруттарды, маркетингтік кампанияларды әзірлеу және мемлекеттік қолдау қажет.

Зерттеу Алматы облысында емдік-сауықтыру туризмін дамытуды мемлекеттік қолдауға, инвесторларға жеңілдіктер мен ынталандыру шараларын ұсынуға, индустрияға арналған қолайлы шарт-жағдай құруға шақырады. Саланың түрлі субъектілерін қамтитын туристік кластерді құру бойынша жүйелі іс-әрекеттер оң нәтижеге және туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпалын тигізеді.

Мақала Қазақстанның оңтүстік-шығысында, әсіресе Албан Арасан термалды су көзінде емдік-сауықтыру туризмінің даму әлеуетін растайды. Бұл туристерді тарту және қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған қазіргі заманғы инфрақұрылымды қалыптастыру және кешенді жобаларды дамыту үшін мемлекеттің және жеке инвесторлардың бірлескен іс-әрекеттерін талап етеді.

**Түйін сөздер:** емдік-сауықтыру туризмі, емдік ресурстар, инфрақұрылым, туристік әлеует, рекреациялық әлеует, шипажай-курорттық емдеу.

S.Z. Saidullayev<sup>1</sup>, A.S. Aktymbaeva<sup>2\*</sup>, B.I. Aktymbaeva<sup>2</sup>,  
A.M. Nurzhanova<sup>1</sup>, E.Kh. Kakimzhanov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Narхоз University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: Alyiya@kaznu.kz

### Priority directions of development of medical and health tourism in Almaty region

This research examines the potential for developing health tourism in the Almaty region of Kazakhstan. The region's geographical location, mountainous terrain, and abundant natural resources make it well-suited for this purpose. The main goal is to identify the therapeutic water resources and assess their potential to attract tourists. The analysis used data from the Committee of Geology and Subsoil Use to map the therapeutic water resources across Almaty. While not all districts have such resources, the Alban-Arasan springs with the largest reserves are particularly notable. The Alban-Arasan springs have significant potential for health tourism. They could become a top destination for Kazakhstani and international visitors. Successful development would require supporting infrastructure, quality health services, tourist routes, marketing, and government support.

The article urges the government to support health tourism in Almaty by offering benefits and incentives to investors, and creating favorable conditions. Efforts to establish a tourism cluster of industry entities would also contribute to positive outcomes and better tourist satisfaction.

The research confirms the significant potential for health tourism in southeastern Kazakhstan, especially at the Alban-Arasan springs. Realizing this potential will need collaboration between the government and private investors to build modern infrastructure and integrated projects to attract tourists and enhance services.

**Key words:** medical and health tourism, therapeutic resources, infrastructure, tourist potential, recreational potential, sanatorium-resort treatment.

С.З. Сайдуллаев<sup>1</sup>, А.С. Ақтымбаева<sup>2,\*</sup>, Б.И. Ақтымбаева<sup>2</sup>,  
А.М. Нуржанова<sup>1</sup>, Е.Х. Какимжанов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Университет Нархоз, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

\*e-mail: Alyiya@kaznu.kz

### Приоритетные направления развития лечебно-оздоровительного туризма в Алматинской области

Статья посвящена оценке потенциала развития лечебно-оздоровительного туризма в Алматинской области Республики Казахстан. Регион отличается географическим положением, горным рельефом и богатыми природными ресурсами. Основная цель исследования – выявления лечебных водных ресурсов данной территории и определение её потенциала для привлечения туристов.

Анализ проводился на основе данных, предоставленных комитетом геологии и недропользования. Для определения лечебных водных ресурсов Алматинской области разработана карта-схема. Результаты показали, что не все районы региона обладают такими ресурсами, однако особо стоит отметить Албан-Арасанские источники с наибольшими запасами. Источники Албан-Арасан имеют значительный потенциал по развитию лечебно-оздоровительного туризма. Они могут стать центром притяжения как отдыхающих Казахстана, так и туристов из-за рубежа. Для успешного развития этой отрасли необходимо создание инфраструктуры, обеспечение качественных оздоровительных услуг, разработка туристских маршрутов, маркетинговых кампаний и государственная поддержка.

Исследование призывает правительство поддержать развитие лечебно-оздоровительного туризма в Алматинской области, предложить инвесторам льготы и стимулы, создать благоприятные условия для индустрии. Системные усилия по созданию туристского кластера, охватывающего различные субъекты отрасли, также будут способствовать синергетическому результату и удовлетворению потребностей туристов.

В целом исследование подтверждает потенциал развития лечебно-оздоровительного туризма на юго-востоке Казахстана, особенно на источниках Албан-Арасан. Это требует совместных усилий государства и частных инвесторов для создания современной инфраструктуры и развития комплексных проектов, направленных на привлечение туристов и улучшение качества услуг.

**Ключевые слова:** лечебно-оздоровительный туризм, лечебные ресурсы, инфраструктура, туристский потенциал, рекреационный потенциал, санаторно-курортное лечение.

### Кіріспе

Емдік-сауықтыру туризмі ҚР Үкіметімен әлеуметтік туризм мен ішкі туризмнің дамуының аса келешегі зор бағыттарының бірі ретінде белгіленді. Осыған байланысты Алматы облысында емдік-сауықтыру туризмін дамуының басымды бағыттарын зерттеу одан әрі өзекті. Алматы облысы емдік-сауықтыру туризмін дамыту үшін зор әлеуетке және кеңестік заманнан мұра боп қалған шипажай-курорттық емделу бойынша мол тәжірибеге ие. Емдік балшықтың, термалды минералды су көзінің және бағалы ландшафттардың шоғырлануы Алматы облысымен қатар жалпы елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға мүмкіндік бе-

реді. Өңірдің инфрақұрылымның дұрыс бағытта дамыту жергілікті туристерге және көршілес елдерден келетін демалушыларға тартымды болады.

Тұрақтылық пен жауапкершілік – ең алдымен, табиғи ресурстарға негізделетін сауықтыру туризмнің басты өлшеміне айналды. Сауықтыру саласына тұрақты тәжірибелерді енгізу, корпоративтік жауапкершілік, дамудың ортақ мақсаттарының болуы – мұның барлығы мемлекеттік және жеке мүдделі тараптар үшін осы индустрияның ұзақ мерзімді дамуының басты қағида-даттары. Аталған туризм түрінің дамуы, бірінші кезекте, жергілікті халық пен жалпы мемлекет үшін барынша табыстылықпен байланысты. Алайда туристерді сауықтырумен қатар жергі-

лікті тұрғындардың әл-ауқатының маңыздылығын ұмытпаған жөн.

Алуан түрлі емдік-сауықтыру туризмі – бұл көп кешенді жүйе. Емдік-сауықтыру туризмінің дәрігерлік және ғылыми аспектілерінің жиынтығын түрлі дереккөздерде әртүрлі түсіндіріледі, бұл өз кезегінде жалпы саланың анықтамасын келтіруде теріс әсерін тигізеді.

Carra и Bridges анықтамасы бойынша емдік-сауықтыру туризмі – ішкі және материалдық күшті сақтау, қалпына келтіру, оналту және жақсарту мақсатымен тұрғылықты тұру орнынан шекара асатын, ұйымдастырылған сапар деп түсініледі (Carra P.M., Bridges J. 2006: 3).

В.Н. Селуянов мен А.А. Федякиннің еңбегінде емдік-сауықтыру туризмі адамның қалыпты тіршілік ету функциясы үшін қажетті және денсаулығы әлсіреген және түрлі сырқаттары бар адамдарға бағытталған қызмет ретінде түсіндіреді. Алайда бұл анықтама табиғи емдік ресурстарды қолдану, клиенттермен қызметтер ақысын төлеу мүмкіндігі және т.б. сияқты маңызды аспектілерді қалдырып кетеді. Сонымен бірге сауықтыру туризмнің емдік туризмнің орнын басу фактісі белгіленеді, алайда емдік туризм оның негізгі бөлігі болып табылады (Селуянов В.Н., Федякин А.А. 2018: 4).

Өзінің еңбегінде А.А. Кольцова емдік-сауықтыру туризмі терминологиясының мәселелерін кеңінен қарастырды. Автор посткеңестік елдердегі емдік-сауықтыру туризмнің қалыптасу моделінің шетелдік аналогтардан айырмашылығын атайды. Шетелде емдік-сауықтыру туризмі (бұдан әрі – ЕСТ) екі санатқа бөлінген – емдік (медициналық) туризм және сауықтыру («wellness» – велнесс) туризмі (Кольцова А.А., 2015:73).

Қазақстандық автор С. Каленова медициналық туризмді тұрғылықты жерінен ел асатын клиенттерге медициналық қызмет көрсету ретінде анықтайды, бұл ретте бүкіл әлемнің медициналық орталықтарында демалыс пен жоғары білікті мамандардың ем көрсетуді біріктіріп іске асыруды білдіреді (Каленова С.А., 2018: 16).

ЕСТ қарастыру кезінде тынығу, рекреация, сауықтыру, туризм сияқты анықтамаларға егжей-тегжейлі белгілеу беру маңызды, себебі олар кешенді немесе жалпы мәнмәтінде бағаланады. Дилемма аталған түсініктердің синонимдігін анықтаудан тұрады. Не олардың бірі жалпыланған болып саналады, ал қалғандары оның бөлігі болып табылады және белгілі бір иерар-

хияда қарастырылады немесе аталған түсініктер мүлде түрлі мағынадан тұрады.

Медициналық және емдік-сауықтыру туризмі бойынша зерттеулерді көптеген қазақстандық ғалымдар жүргізді, олар емдік-сауықтыру туризмін медициналық туризмнен бөлек қарастырды, ал кейбір ғалымдар аталған мәселені жиынтықта қарастырды.

Осы зерттеудің мақсаты – зерттелетін аумақта медициналық-рекреациялық туризмнің карта-схемасын әзірлеу негізгі параметрлерді бағалауды және осы бағытты дамыту үшін мүмкіндіктерді интегралды бағалауды қамтитын Алматы облысының туристік-рекреациялық әлеуетін кешенді талдау негізінде жүзеге асырылады.

### Зерттеу материалдары мен әдістер

Алматы облысының туристік-рекреациялық емдік-сауықтыру әлеуетін бағалау үшін аумақты бағалаудың жарияланған ғылыми-әдістемелік тәсілдемелері мен әдіснамалары талдауға алынды.

Қазақстанда ішкі туризмді дамытудың заманауи тәсілі кластерлік стратегияны белсенді қолдануды көздейді, бұл сандық және сапалық зерттеулерді біріктіретін кешенді әдістерді қолдануды талап етеді. Бұған аумақтың туристік әлеуетін бағалаудың бұрын ұсынылған модельдерінің әдістерін қолдану кіреді.

Ғылыми әдебиетте кешенді әдістер деп, ең алдымен, ресурстық базаны экономикалық туристік-рекреациялық бағалауды және аумақтың туристік дамуының геоақпараттық жүйелерінің әдісін білдіретін туристік-рекреациялық кадастрды қалыптастыру мен дамыту түсініледі, бұл қоршаған әлем бойынша жаңа ақпарат түрлерін алудың бағдарламалық-технологиялық құралдарының жиынтығы – геоақпараттық технологияларды белсенді пайдалануды білдіреді.

Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша сауықтыру және медициналық туризм бір-бірінің синонимі, басқалары туризмнің бұл екі түрін дербес туристік сегменттер ретінде қарастырады, ал басым бөлігі медициналық туризмді, сауықтыру туризмін және SPA-туризмді емдік-сауықтыру туризмінің бөлімдері деп таниды (Lade C. et al., 2020: 4).

Әрі қарай зерттеу үшін емдік, сауықтыру (wellness), медициналық және SPA-туризм мәнін анықтау қажет.

Х.Мюллер мен Э. Л. Кауфманның пікірінше, емдік туризм – медициналық және сауықтыру туризмін оның негізгі бағыттары ретінде қамтитын күрделі құбылыс. Зерттеушілер емдік туризмді физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқатты қоса алғанда, жалпы денсаулық пен өмір сапасын жақсартуға бағытталған денсаулық сақтау қызметтерін алу үшін саяхатқа байланысты процестер мен өзара әрекеттесулердің жиынтығы ретінде анықтайды (Mueller H., Kaufmann E., 2001: 11).

1973 жылы Дүниежүзілік туристік ұйым (UNWTO), Халықаралық ресми туристік ұйымдар Одағының (IUOTO) мүрагері емдік туризмге анықтама берді. Осы анықтамаға сәйкес, емдік туризм туристердің денсаулығы мен жалпы әл-ауқатын жақсарту үшін минералды сулар мен климат сияқты елдің табиғи факторларын пайдалануға негізделген медициналық қызметтерді ұсынуды қамтиды (UNWTO, 2018:52).

Сауықтыру (wellness) туризмінің көптеген анықтамасы бар, алайда біздің көзқарасымыз бойынша ең толымдысы Smith M. пен Puczko L. ұсынған термин болып табылады, олар өздерінің зерттеуінде емдік туризмді негізінен физикалық денсаулыққа шоғырланған, сондай-ақ психикалық және рухани жағдайды жақсартатын және адамдардың өздерінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға және әлеуметте тиімді функциялануға ықпалын тигізетін туризм формасы ретінде айқындайды (Smith M., Puczko L., 2015:207). Global Wellness Institute (GCI) мәліметтері бойынша, сауықтыру туризмі физикалық және психикалық жағдайды нығайтуға, сондай-ақ жалпы үйлесімді әл-ауқатқа қол жеткізуге бағытталған сапарларды қамтиды (Global Wellness Institute, 2024).

Медициналық туризмді анықтаудың көптеген тәсілдері бар. Медициналық туризм саласындағы зерттеуші Connell J (2015) оны адамдар әртүрлі медициналық қызметтерді, соның ішінде стоматологиялық және хирургиялық процедураларды алу үшін өз елдерінен тыс жерлерге баратын процесс ретінде қарастырады (Connell J., 2015:17).

Адамдардың медициналық көмекке жүгінуіне итермелейтін себептерін ашатын анықтаманы Американдық тамақтану қоғамының (ағылш. American Society for Nutrition – ASN) ғалымы

Hopkins L. (2010) ұсынды. Зерттеуші медициналық туризм – трансшекаралық медициналық көмекті алу мақсатынан тұратын саяхат деп көрсетеді, оның басты себебі – төмен құн, қызметті алудың қысқа уақыты және өзінің елінде/өңірінде белгілі бір қызметтердің болмауы (Hopkins L. et al., 2010:190).

Медициналық туризм пациенттерге өз елінен тыс жерлерге бару арқылы шетелде қажетті ем алуға мүмкіндік береді. Ғылыми зерттеулер санының артуы, әртүрлі мемлекеттердің шетелдік азаматтарға медициналық қызмет көрсетуге белсенді қатысуы және емделуге шетелге баратын пациенттер санының өсуі осы саланың дамуы мен танымалдылығының артып келе жатқанын көрсетеді (Rydbäck M., 2021: 4).

П. Жагяси өзінің Defining Medical Tourism еңбегінде ЕСТ медициналық қызметтермен ілесетін түрлі мақсаттағы саяхат ретінде анықтайды (Jagyasi P., 2008:6).

Германияның маманы Х. Нарштедт емдік туризмнің сәл басқаша анықтамасын ұсынады. Оның ұсынысына негізделсек, емдік туризмге төлем тәсілі жеке-жеке жүретін, жергілікті және шетел туристерінің бальнеологиялық және басқа курорттарға сапары жатады (Nahrstedt H., 1997: 72).

Бұл емдік-сауықтыру және медициналық туризм бүкіл туризм индустриясының дамуында үлкен рөл атқарады. Туристер тарапынан қызығушылықтың артуы және осы секторда көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюы байқалады.

Осы жұмыста қолданылған әдістерді қарастырамыз.

Елдің бальнеологиялық қорының әлеуетіне қатысты алынған бағалау табиғи-рекреациялық қордың әлеуетті тұтынушыларының және ем ұсынуға болатын санын анықтауға мүмкіндік береді. Емдік су ресурсының әлеуетін есептеуді келесідей жүргізуге болады:

$$TP\Theta (esp) = V/N, \quad (1)$$

мұнда TPΘ (esp) – емдік әлеуеті бар судың табиғи қоры;

V – емдік ресурстардың кен орындарының жұмыс резервінің мөлшері, оның негізінде шипажай-курорттық органдарды құру ықтимал, м<sup>3</sup>/жыл;

24 күн ішінде су алу бағытындағы роттизиттік судың шығындалу шамасы, м<sup>3</sup>, бұл ретте су алудың 1 курсына ауыз су үшін пайдалануда роттизиттік сулар 0,036 м<sup>3</sup> дейін пайдаланылады, ал ванна мақсатында – 2,5 м<sup>3</sup> (Нудельман М.С., 1987: 128).

Мүмкін экономикалық тиімділікті есептеу үшін бір күн тұру кезінде екі орынды орналас-тыруда стандартты номердің орташа құны алынды. В.И. Преловский ұсынған формуланы қолданып, бальнеологиялық ресурстарды пайдалану беретін экономикалық әсер есептелінді.

$$Ээ = R \times C, \quad (2)$$

мұнда, R – ресурстардың қорына қарай ем алатын адамдардың максималды саны;

C – тұрудың бір күніне бір демалушыға арналған екі орынды стандартты номердің орташа құны, теңге (Преловский В.И., Виговская В.Н., 2012: 350).

Белгілі бір ұлттық паркке келушілердің максималды санын есептеген соң, В.И. Преловский ұсынған формула көмегімен аталған аумақты пайдаланудың экономикалық әсері шығарылды.

$$Ээ = R \times C, \quad (3)$$

мұнда, R – белгілі бір ұлттық паркке келушілердің максималды саны; C – ұлттық паркке бір рет келу құны (Преловский В.И., Виговская В.Н., 2012: 352).

Туризмнің даму әлеуетін бағалау кезінде ауданның ауа-райы жағдайы емдік сипаттағы басқа ресурстармен бірге міндетті құрамдасы болып табылады (Абенова Е.А., Сайдуллаев С.З., 2020:185).

И.В. Бутьеваның, В.И. Руслановтың, Л.Н. Деркачевтің, О.Р. Назаровскийдің, И.В. Архиповтың жұмыстары климаттық шарт-жағдайларды бағалау мәселесіне арналған, аталған тақырыпта қазақстандық ғалымдар арасында С.В. Пашковтың, Г.З. Мажитованың, Б.В. Шкуринскийдің және басқалардың еңбектерін атап өтуге болады (Шкуринский Б.В., 2014:114).

Қыс мезгілінде жайсыздықты анықтау үшін ауа-райының ызғарлығы өлшемшарты (Бодман бойынша есептелінеді) пайдаланылады:

$$S = (1 - 0,04T) \cdot (1 + 0,272V), \quad (4)$$

мұнда S – ауа-райының ызғарлығы (балл); \*C; V – желдің орташа жылдамдығы (қаңтар), м/с; T – қаңтардағы ауа температурасы (бір айдағы орташа).

Емдеу және сауықтыру мақсатында климаттық жағдайларды бағалау үшін әртүрлі әдістер мен көрсеткіштер қолданылады, бірақ зерттеу Климаттық жайлылықты бағалауға кешенді көзқарастың жоқтығын анықтады.

### Зерттеу нәтижелері және талқылау

Алматы облысының табиғи-рекреациялық әлеуетіне жүргізген зерттеулердің нәтижесінде Алматы облысы аумағының туристік-рекреациялық әлеуетін кешенді бағалаудың кезеңдері әзірленді, олар келесілерді қамтиды:

1) Өңірдің тарихи-мәдени, табиғи-климаттық, емдеу-сауықтыру және әлеуметтік-экономикалық факторларын қамтитын деректерді жинау және талдау;

2) Сандық талдау үшін баллдық жүйені қолдана отырып, әр топ үшін рекреациялық әлеуетті бағалау;

3) Өңірдің әрбір ауданы бойынша көрсеткіштерді ескере отырып, барлық ресурстарды кешенді бағалау;

4) Әлеует деңгейі негізінде өңірдің туристік-рекреациялық инфрақұрылымын дамытудың ба-сым бағыттарын айқындау;

5) Алынған мәліметтер негізінде аймақтың рекреациялық әлеуетінің карта-схемасын әзірлеу.

Әр ауданның әлеуетін бағалау үшін су емдеу ресурстары әр аумақ үшін бөлек талданады. Алматы облысында маңызды су ресурстары, оның ішінде тоғыз ірі минералды су көздері бар.

Халық саны мен бальнеологиялық ресурстардың қол жетімділігі арасындағы пайыздық қатынасты анықтайық. Алынған мәліметтер негізінде кешенді бағалау үшін ұпайларды бөлеміз: төмен қолжетімділік (0-49%) – 1 балл, орташа қолжетімділік (50-74%) – 2 ұпай, жоғары қолжетімділік (75-100%) – 3 ұпай (Кесте 1).

1-кесте – Алматы облысының емдік су ресурстарын бағалау

№	Су көзінің атауы және сипаттамасы	Қандай емге қолданылады	Қорды бағалау м <sup>3</sup> /тәулік	Шипажай/курорттардың болуы	Пайдалану дәрежесі	Көліктік қолжетімділік
<b>Еңбекшіқазақ ауданы (Есік қаласы)</b>						
1	Құрам. Шелек ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 14 км. Компонентсіз, әлсіз сілтілі.	Емдік-асхана суы бальнеологиялық ванналар.	894	жоқ	Жергілікті тұрғындармен ішінара пайдаланылады	Қолжетімді
2	Тау-Түрген. Түрген ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 18 км. Сульфатты-натрийлі.	Ванна түрінде жүйке жүйесін, тері ауруларын, қимыл-тірек аппаратын емдеу үшін қолданылады.	0,460	Тау-Түрген	Белсенді пайдаланылады	Қолжетімді
3	Түрген. Түрген ауылының оңтүстік-шығыс шеті. Су температурасы 45-50С. Хлоридті-натрийлі.	Жүрек-қан тамырлары, гинекологиялық, жүйке жүйесі, сүйек-бұлшықет ұлпасы.	0,216	нет	Жергілікті тұрғындармен ішінара пайдаланылады	Қолжетімді
	Жиыны	894,7 м <sup>3</sup> /тәулігіне немесе 326565,5 м <sup>3</sup> /жылына. ТРӨ (еср)=жылына 128771,9 адам				
Ұпай		1 балл (43%)				
<b>Ұйғыр ауданы (Шонжы ауылы)</b>						
4	Албан-Арасан. Шонжы ауылынан шығысқа қарай 55 км. Су температурасы 44,5-55С. Әлсіз минералданған, хлоридті- гидрокарбонатты сульфатты-натрийлі.	Ас қорыту органдарын, тері ауруларын, қимыл-тірек аппаратын емдеу.	3456	Көптеген демалыс базалары	Белсенді пайдаланылады	Қолжетімді
Жиыны		3456 м <sup>3</sup> /тәулігіне немесе 1261440 м <sup>3</sup> /жылына. ТРӨ (еср)=жылына 497 413 адам				
Ұпай		3 балл (79,7%)				
<b>Алматы қаласы</b>						
5	Алматы. (Д тобы – бром/йод). Құрылысшы ауылы, Алматының солтүстік-батысы. Су температурасы 56С.	Қимыл-тірек аппараты, жүйке жүйесі.	0,432	Минавтодор шипажай-профилакторийі	Белсенді пайдаланылады	Қолжетімді
6	Алма-Арасан. Алматы қаласынан оңтүстікке қарай 15 км. Ж тобы – құрамында күкіртсутегі бар кремнийлі. Су температурасы 56С.	Ревматизм, жүйке жүйесі, бруцеллез.	518	Алма-Арасан шипажайы	Жергілікті тұрғындармен ішінара пайдаланылады	Қолжетімді
7	Алматы термоминералды суы. Іле Алатауы етегі. Су температурасы 42С. Гидрокарбонатты-хлоридті натрийлі.	Буын ауруы, жүрек жеткіліксіздігі, омыртқаны емдеу.	0,173	Алматы шипажайы	Белсенді пайдаланылады	Қолжетімді
8	Алматы. Ж тобы – кремний азотты. Су температурасы 45-55С.	Жүрек-қан тамырлары, қимыл-тірек аппараты, жүйке жүйесі.	0,38	Көктем шипажайы. ПИМ шипажайы	Белсенді пайдаланылады	Қолжетімді
9	Ақсай. Алматыдан 13 км батысқа. Орташа минералданған, жоғары термалды. Су температурасы 54-55С.	Ас қорыту, қимыл-тірек аппараты.	864	жоқ	Жергілікті тұрғындармен ішінара пайдаланылады	Қолжетімді


№	Су көзінің атауы және сипаттамасы	Қандай емге қолданылады	Қорды бағалау м <sup>3</sup> /тәулік	Шипажай/курорттардың болуы	Пайдалану дәрежесі	Көліктік қолжетімділік
	Алматы қаласы бойынша жиыны	1383 м <sup>3</sup> /тәулігіне немесе 504795 м <sup>3</sup> /жылына. ТРӘ (еср)=жылына 199052 адам				
	Ұпай	1 ұпай (11%)				
	Алматы облысы бойынша барлығы	5733,7 м <sup>3</sup> /тәулігіне немесе 2092800,5 м <sup>3</sup> /жылына. ТРӘ (еср)=жылына 825236,8 адам				
	Алматы облысының қамтамасыз етілуі	21%				

ҚР Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті материалдары негізінде жасакталған (Комитет геологии и недропользования РК, 2020)

1-кестені талдасақ, Алматы облысы бойынша емдік су қоры 5733 м<sup>3</sup>/тәулік немесе 2092800 м<sup>3</sup>/жыл құрайды. Ең жоғары мән Ұйғыр ауданында байқалады – 3456 м<sup>3</sup>/тәулік немесе 1261440 м<sup>3</sup>/жыл, соңғы жылдары Албан Арасан суының қайнар көзі базасында 15-тен астам демалыс базасы ашылды, бұл осы өңірде емдік туризмнің белсенді дамуына ықпал етеді. Минералды бұлақтар облыстың екі ауданында және Алматы қаласында орналасқан.

Минералды су қорының деректерінің негізінде Алматы облысының емдік су ресурстарының карта-схемасы әзірленді (Сурет 1).

Алматы облысында емдеу үшін минералды суларды пайдалану әлеуеті жылына 825 236 адамды құрайды, өңір халқының жалпы саны 1 506 000 адамды құрайды (2023 ж.). Бұл аймақ негізінен емдік су ресурстарының қажетті қорларымен қамтамасыз етілген деген қорытындыға келеді.



1-сурет – Алматы облысының емдік су ресурстарын бағалау Автордың материалдары бойынша әзірленді

1-суреттегі деректерге сәйкес Ұйғыр ауданы Шонжы аулына жақын Албан-Арасан термалды су көздерінде емдік су қорының әлеуеті мол. Аймақ Алматы қаласынан салыстырмалы түрде жақын орналасуына (250 км) байланысты соңғы уақытта аталған аумақтың танымалдылығының өсуі байқалады, жақсы инфрақұрылыммен жасақталған, қазіргі талаптарға сай демалыс аймақтары ашылуда, сондай-ақ судың әлсіз минералды құрамы емдік мақсаттармен қатар демалыс пен қалпына келуді көздейтін келушілерге мүмкіндік береді. Ұйғыр ауданы бальнеологиялық ресурстармен толық көлемде қамтамасыз етілген, оның қоры осы ауданның сұранысын қанағаттандырумен қатар, көрші аудандардың қажеттілігін қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие және облыс бойынша бальнеологиялық емделудің басымды ауданы болып табылады.

Алматы облысының бальнеологиялық емделу әлеуетінің деректері табиғи емдік ресурстарды пайдаланудан мүмкін экономикалық әсерді есептеуге мүмкіндік берді, егер барлық жұмыс

істеп тұрған шипажайлар әрі қарай қызметін жалғастыру, ал жабылған мекеме орнында жаңа объектілерді қалпына келтіру шартымен.

Алматы облысының шипалы балшықпен емдеу әлеуеті тиімді және алуан түрлі емдік балшықтармен қамтамасыз етіледі. Негізінен балшықпен емдеу қолданыстағы шипажай аясында балшықпен емдеу шаралары пен аппликациялар түрінде қолданылады. Балшықты қолдану перифериялық жүйке жүйесі ауруларының, тері ауруларының және басқа патологиялардың алдын алу және емдеу үшін ұсынылады. Алматы облысында балшықпен емдеу мекемелері бар, бірақ олардың саны шектеулі болып қалуда.

Курорттық аймақтың биоклиматтық паспортын жасау үшін әзірленген И.В. Бутьеваның әдістемесі негізінде Алматы облысында емдеу-сауықтыру туризмін дамытуға климаттың әсерін бағалау үшін жайлылық критерийлері айқындалды (Кесте 2). Критерийлерді бағалау балдық жүйе бойынша жүргізіледі, онда жайлылықтың жоғары көрсеткіштеріне 3 ұпай, ал қолайсыз жағдайларға – 1 ұпай беріледі.

2-кесте – Алматы облысының ауа-райының жайлылығын бағалау өлшемшарттары

№	Климаттық жағдайлар	Қолайлы	Салыстырмалы қолайлы	Қолайсыз
	Ұпай	3	2	1
Жазғы мезгіл				
1	Жазғы мезгілдегі орташа ауа температурасы (С)	17-22	23-30	15 төмен 30 астам
Қысқы мезгіл				
2	Қысқы мезгілдің ауа-райы ызғарлығы, S, балл	≤ 1-2	2,1-3,5	≥ 3,6
3	Қаңтардағы ауа температурасы (орташа) (С)	≤ - 10	- 10 -- 15	≥ - 15
4	Қар жамылғысы (күндер)	101-150	50-100	50 төмен 150 астам
Жылдық мәні				
5	Күн сәулесінің жылдық мәні (сағат)	2000 сағаттан 2300 сағатқа дейін және одан көп	1700 сағаттан 1999 сағатқа дейін	1700 сағаттан аз
6	Аязсыз кезең (күндер)	181 күннен 270 күнге дейін	91 күннен 180 күнге дейін	90 күннен аз
7	Қатты жел (<6м/с) күндер	2 күннен 19 күнге дейін	20 күннен 66 күнге дейін	67 күннен көп

Қазақстан Республикасының Ұлттық атласы материалдары бойынша құрылған (Национальный атлас Республики Казахстан, 2010)



2-кестедегі деректер бойынша қолайлы, салыстырмалы қолайлы және қолайсыз көрсеткіштер анықталды.

3-кестеге сәйкес Алматы облысының әрбір ауданына жоғарыда көрсетілген өлшемшараттар бойынша ұпай қойылды.

3-кесте – Алматы облысының климаттық жайлылығын есептеу

Аудан атауы (аудан орталығы)	Жазғы мезгілдің орташа ауа температурасы (С) Ұпай		Қысқы мезгілдің ауа-райының ызғарлығы, S Ұпай		Қаңтардағы орташа ауа температурасы (С) Ұпай		Қар жамылғысының жату ұзақтығы, күндер Ұпай		Күн сәулесінің түсу ұзақтығы (жылына сағат) Ұпай		Аязсыз кезеңнің ұзақтығы, күндер Ұпай		Желдің орташа жылдық жылдамдығы (м/с) Ұпай		Ұпаймен орташа бағалау
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12			
Балқаш (Бақанас а.)	25	2	0,7	3	- 14	2	90	2	2900	3	170	2	2-3	3	2,4
Еңбекшіқазақ (Есік қ.)	23	2	0,9	3	- 11	2	110	3	2700	3	180	2	1-2	3	2,6
Жамбыл (Ұзынағаш а.)	24	2	0,9	3	- 11	2	80	2	2800	3	160	2	2-3	3	2,4
Іле (Өтеген батыр қ.)	24	2	0,9	3	- 11	2	80	2	2700	3	170	2	2-3	3	2,4
Қарасай (Қаскелең қ.)	23	2	1	3	- 9	3	130	3	2700	3	140	2	2-3	3	2,7
Кеген (Кеген а.)	22	3	0,8	3	- 12	2	170	1	2700	3	130	2	1-2	3	2,4
Райымбек (Нарынқол а.)	22	3	0,8	3	- 12	2	170	1	2700	3	130	2	1-2	3	2,4
Талғар (Талғар қ.)	23	2	0,9	3	- 11	2	160	1	2700	3	135	2	1-2	3	2,3
Ұйғыр (Шонжы а.)	22	3	0,9	3	- 10	3	70	2	2700	3	190	3	2-3	3	2,9
Қонаев қ.	24	2	0,9	3	- 11	2	70	2	2700	3	190	3	2-3	3	2,6

Қазақстан Республикасының Ұлттық атласы материалдары бойынша құрылған (Национальный атлас Республики Казахстан, 2010)

3-кестеге сүйенетін болсақ, климаттық жайлылық бойынша қорытынды нәтижені алу үшін балл сомасын көрсеткіштер санына бөлеміз және сәйкесінше: қолайсыз аудан (1.0 – 1.7), салыстырмалы қолайлы (1.8 – 2.4), қолайлы аудан (2.5 – 3.0).

Талдау көрсеткендей, Алматы облысының көптеген аудандарында жыл бойы емдеу-сауықтыру қызметтерін көрсетуге қолайлы климаттық жағдайлар бар. Солтүстік және шөлейт аймақтарға жақын аудандар «орташа қолайлы» бағаға ие болды, өйткені қыста салыстырмалы түрде төмен температура, ал жазда айтарлықтай жоғары температура байқалады.


Жаздың орташа айлық температурасы, қыстың төтенше жағдайлары, қар жамылғысының ұзақтығы және жыл ішіндегі күн сағаттарының саны туралы деректерді ескеретін Алматы облысының климаттық жайлылығының карта-схемасы жасалды (Сурет 2).

2-суретке сәйкес Іле Алатауының етегінде орналасқан аудандар қолайлы бағаланды, аталған аумақ емдік-сауықтыру туризмі үшін жақсы әлеуетке ие. Алматы облысы емдеу-сауықтыру

туризмі бойынша ҚР оңтүстік облыстарының әлеуетімен салыстырғанда төмен болғанымен, климатпен емдеуді дамыту келешегі бар.

Осылайша, Алматы облысы аумағының бағым бөлігінде күн сағаты жеткілікті, бұл аэротерапия (таза ауамен емдеу) және гелиотерапия (күн сәулесімен емдеу) жүргізу үшін қолайлы жағдай жасайды. Таулы аймаққа іргелес жатқан аудандарда тау-шаңғы курортын дамытудың перспективасы жоғары, ал суқоймаларына жақын орналасқан аудандардың талассотерапия үшін теңіз климатын пайдалану мүмкіндігі бар. Ұйғыр ауданы климаттық терапияны дамытудың ең перспективалы аймағы болып табылады.

ЕСТ дамуының ең маңызды құрамдасының бірі – инфрақұрылым. Алматы облысының инфрақұрылымы әуежайларды, Қонақ үйлерді, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын және теміржол тораптарын қоса алғанда, негізгі объектілерді талдау негізінде бағаланды. Көлікке қолжетімділік санаторий-курорттық мекемелерге келетін туристер санына әсер ететін шешуші факторлардың бірі болып табылады.



2-сурет – Алматы облысының климаттық жайлылығы  
Автордың материалдары бойынша орындалды

Емдеу-сауықтыру туризмін тиімді дамыту үшін әлеуетті аудандарды кешенді бағалау қажет. Бальнеологиялық ресурстардан басқа, инфрақұрылымның даму деңгейін, қосымша туристік объектілердің, қорғалатын табиғи аумақтардың болуын және экономикалық көрсеткіштерді ескеру қажет.

Бағалау инфрақұрылымның әрбір құрамдас бөлігі бойынша деректерді және олардың игерілуін пайдалана отырып жүргізілді. 4-кестеде Алматы облысының аудандарына берілген ұпайлар берілген. Қорытынды талдау барлық бағалау сипаттамалары бойынша жиынтық ұпайларға негізделген орташа мәндерді есептеу арқылы алынды:  $\geq 1,0$  (өңір емдік-сауықтыру туризмін жақсарту мақсатында инфрақұрылымды қалыптастырудың төмен деңгейімен сипатталады);  $1,1 - 2,4$  (өңір рекреацияны ұйымдастыру мақса-

тында салыстырмалы түрде қалыптасқан инфрақұрылымға ие);  $2,5 \leq$  (өңір қалыптасқан инфрақұрылыммен сипатталады).

5-кестеге сәйкес аудандардың көліктік қолжетімділігі облыстың солтүстігінде төмен дамыған инфрақұрылымнан оңтүстікте дамыған инфрақұрылымға дейін түрленеді. Нашар қалыптасқан көлік желісіне Балқаш ауданы жатады, бірінші кезекте бұл мемлекеттің негізгі көлік жолдарынан шалғай орналасуымен түсіндіріледі. Қалыптасқан инфрақұрылымы бар субъектілерге Талғар ауданы, сонымен қатар Жамбыл ауданы жатады.

5-кестенің талдауы Талғар және Жамбыл аудандарының аумағынан республикалық, сондай-ақ халықаралық маңызы бар (Батыс Қытай – Батыс Еуропа трассасы) көлік желісінің өтетінін көрсетті (Сурет 3).

## 4-кесте – Алматы облысының инфрақұрылымын бағалау аспектілері


№	Бағалау өлшемшарттары	Ауқымы	Балл
1	Тамақтану ұйымдарының саны	$\geq 20$	1
		21-40	2
		$41 \leq$	3
2	Орналастыру объектілерінің саны	$\geq 20$	1
		21-40	2
		$41 \leq$	3
3	Жеңіл көлікке арналған жолдар	Жергілікті деңгейдегі	1
		Республикалық деңгейдегі	2
		Халықаралық деңгейдегі	3
4	Теміржол станциялары	$\geq 4$	1
		5-8	2
		$9 \leq$	3
		Халықаралық деңгейдегі	2

Қазақстан Республикасының Ұлттық атласы материалдары бойынша құрылған

## 5-кесте – Алматы облысының инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі

Аудан атауы		Балқаш ауданы	Еңбекшіқазақ ауданы	Жамбыл ауданы	Іле ауданы	Қарасай ауданы	Кетен ауданы	Райымбек ауданы	Талғар ауданы	Ұйғыр ауданы	Қонаев қаласы
Теміржол көлігі	Теміржол пункті		1	8	6	3			1		1
	Балл		1	2	2	1			1		1
Жеңіл көлікке арналған жол	Халықаралық маңызы бар жолдар		1	1		1			1	1	
	Республикалық маңызы бар жолдар		1	2	3	2	1	1	2	2	1
	Жергілікті маңызы бар жолдар	3	1	2	1	2	3	3	3	3	2
	Ұпай	3	6	9	7	9	5	5	10	10	4
Тамақтану ұйымдары	Саны	12	91	36	20	14	7	7	36	19	45
	Ұпай	1	3	2	1	1	1	1	2	1	3
Орналастыру объектілері	Саны	3	12	11	50	21	19	19	23	37	43
	Ұпай	1	1	1	3	2	1	1	2	2	3
Орташа мәні, ұпай		1	2,2	2,8	2,6	2,6	1,4	1,4	3	2,6	2,2

Қазақстан Республикасының Ұлттық атласы материалдары бойынша құрылған



3-сурет – Алматы облысының инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі  
Автордың материалдары бойынша әзірленген

3-сурет Алматы облысының инфрақұрылымы Алматы қаласына жақын жерлерде жақсы дамығанын көрсетеді.

Осыған байланысты Алматы өңірінің инфрақұрылымын зерттеу көрсетті:

Алматы аймағында емдік-сауықтыру туризмі мекемелері біркелкі емес орналасқан, басым бөлігі облыстың оңтүстік бөлігінде, Алматы қаласының маңында орналасқан;

Балқаш ауданы әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымды дамытудың төмен деңгейімен, шағын ауылдық елді мекендермен және дамымаған инфрақұрылыммен сипатталады.

Ұлттық парктердегі рекреациялық жүктемені есептеу экожүйелер мен биоалуантүрлілікті сақтау, ландшафттардың деграциясын алын алу және туристік инфрақұрылымды оңтайландыру үшін қажет. Бұл адамның теріс әсер тигізуін шектеуге, табиғат пен келушілер арасындағы шиеленісті төмендетуге, сондай-ақ табиғи ресурстарды орнықты пайдалануды қамтамасыз

етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жүктеменің есебі парктердің ұзақ мерзімді тартымдылығына, аудандардың экономикалық дамуына және қоршаған орта жағдайын тиімді мониторингінге ықпалын тигізеді (Кесте 6) (Aliyeva Z. et al., 2020: 465).

6-кестеден көріп тұрғанымыздай, зерттеуге түскен аймақ бойынша адамдардың мүмкін ең көп саны Жоңғар Алатауы ұлттық паркінде (679977 адам) белгіленеді, себебі бұл көрсеткіш ұлттық парктің туристік-рекреациялық қызмет аумағының көлеміне байланысты, сәйкесінше туристік-рекреациялық қызметтің ауданы үлкен болса, келушілердің саны соғұрлым көп болады.

Көлсай көлдері ұлттық паркінде адамдардың ең аз саны тіркелген және тиісінше 82242 адамды құрайды.

МҮТП кіру билетінің құны, теңге (2022 ж.):

- Іле Алатауы – 454 теңге;

- Көлсай көлдері – 753 теңге;

- Шарын – 700 теңге (Бюро национальной статистики).

6-кесте – Алматы облысының Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерінің (МҮТП) рекреациялық жүктемесі

№	МҮТП	Туристік-рекреациялық қызмет аумағы, га	Зерттелетін аймаққа мүмкін максималды адам саны, К	МҮТП кіру билетінің құны, теңге	Мүмкін ең жоғары экономикалық өсер, теңге	2022 жылы келушілер саны, адам	Экономикалық өсер, теңге
1	Іле-Алатауы	15 408	128400	454	58 293600	118 364	53 737 256
2	Көлсай көлдері	9 869	82242	753	61 928226	27 649	20 819 697
3	Шарын	77 739	647825	700	453 477500	10 478	7 334600
Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерінің (МҮТП) рекреациялық жүктемесі 2024 жылғы деректер бойынша құрылған (ҚР өңірлерінің статистикасы, 2024)							

Келушілердің ең көп санын және ұлттық саябаққа кіру құнын есептеу негізінде ықтимал экономикалық нәтиже анықталды. Нақты экономикалық өсер 2022 жылғы келушілер саны туралы нақты деректерді пайдалана отырып есептелді. Тек Іле Алатауы ұлттық паркі максималды сыйымдылыққа жақындап, 2022 жылы 118 364 келушіге (92%) жетті, ал қалған ұлттық саябақтарға келушілер 50%-дан аспады.

Рекреациялық өткізу қабілеттілігі тұжырымдамасына келетін болсақ, зерттеу нәтижелері ұзақ мерзімді жоспарлаудың негізін құрайды және болашақта одан әрі жақсарту мүмкіндіктерін ұсынады.

Емдік-сауықтыру туризмін дамыту бойынша перспективалық аудандарды айқындау үшін жиынтық бағалауды жүргізген жөн. Жиынтық бағалауға қажетті мәндерге емдік ресурстар, климаттық жайлылық, инфрақұрылымдық қолжетімділік, туристік-рекреациялық объектілер, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің аумақта орналасуы алынды. Бағалауға алынған мәндердің тартымдылығы бойынша әр аудан бойынша индикаторларға 1-5 дейін ұпай берілді. Оның нәтижесі Алматы облысында ЕСТ дамуының басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді (Кесте 7).

Алматы облысының емдік-сауықтыру әлеуетін талдау ЕСТ дамытуға қолайлы аудандарды айқындауға мүмкіндік берді (Сурет 4). Бірінші санатқа едәуір емдік ресурстардың, дамыған инфрақұрылымның және қолайлы табиғи-климаттық

жағдайлардың арқасында жоғары әлеуетке ие Ұйғыр ауданының аумақтары жатады. Аймақтың көп бөлігі инфрақұрылымы жеткіліксіз немесе табиғи және туристік ресурстардың шектеулі санатына жатады. Бұл санатқа Қонаев қаласы, сондай-ақ Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Қарасай, Райымбек, Кеген және Талғар аудандары кіреді. Үшінші санатқа емдік-сауықтырудың төмен мүмкіндігі бар Балқаш ауданы енді.

4-сурет Алматы облысы туризмнің көптеген түрлерін дамытуға қауқарлы қолайлы индикаторларға ие екенін көрсетті, ол ҚР-да сұранысы ең жоғары туристік дестинация.

Алматы облысының емдік-сауықтыру әлеуетін интегралдық талдау мынадай дәйектемелерді тұжырымдауға мүмкіндік берді:

– Алматы облысы қомақты су ресурсына ие, алайда облыстың аумағы бойынша біркелкі бөлінбеген, кейбір аудандарда мүлдем жоқ. Ұйғыр ауданы емдік су ресурсының орасан зор қорымен ерекшеленеді.


– Алматы өңірінің солтүстік учаскелерінің табиғи-климаттық абаттануы оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөліктермен салыстарғанда төмен.

– Облыстың инфрақұрылымында жүйелілік байқалады: Алматы қаласына жақындаған сайын оның дәрежесі жоғары, ал алшақтаған сайын инфрақұрылымның даму дәрежесі төмен.

– Қонаев қаласы, сондай-ақ Райымбек және Кеген аудандары, Ұйғыр ауданындағы Албан-Арасан минералды суларымен бірге туристік-рекреациялық нысандардың саны бойынша бөлінеді.

7-кесте – Алматы облысының ЕСТ кешенді бағалау

Аудан атауы	Балқаш	Еңбекшіқазақ	Жамбыл	Іле	Қарасай	Кеген	Райымбек	Талғар	Ұйғыр	Қонаев қ.
Емдік-су ресурстары	-	5	-	-	-	-	-	-	5	-
Климаттық жайлылық	17	18	17	17	19	17	17	16	20	18
Инфрақұрылым	5	11	14	13	13	7	7	15	13	11
Туристік-рекреациялық объектілер										
		1								
		3								
		2						2	5	5
		1								
		1								
		5								
		5								
Мемлекеттік табиғи ұлттық парктер	-	2	-	-	1	1	-	1	1	-
Сандық бағалау, ұпай	23	39	33	31	34	30	29	34	44	34



4-сурет – Алматы облысының емдік-сауықтыру туризмін интегралдық бағалау  
Автордың материалдары бойынша орындалған

Демек, Алматы өңірінде емдеу-сауықтыру туризмін дамыту үшін Ұйғыр ауданы (Албан-Арасан минералды бұлағы) және Қонаев қаласы басым аумақтар болып табылады. Алматы өңірінде туризмді дамытудың жергілікті бағдарламаларында Алматы мен Қонаев елді мекендеріне орасан туристік қызығушылық пен басымдық береді, алайда Албан-Арасан су көзін ЕСТ дамытудың әлеуетті өңірі деп мүлдем қарастырмаған.

Албан-Арасан термалды су көзінің минералдық құрамы – әлсіз минералданған акротерма, хлорид-бикарбонат-сульфат-натрий құрамына ие және ас қорыту органдарына оң әсер етеді, тері аурулары мен тірек-қимыл аппаратының ауруларын емдейді, сонымен қатар тыныштандыратын және қабынуға қарсы әсерге ие. Минералданбаған құрамының арқасында бұлақ келушілерді емдік қасиеттерімен ғана емес, демалу мүмкіндіктерімен де тартады. Талдау көрсеткендей, өңірдің туризмді дамыту үшін, әсіресе емдік-сауықтыру туризмі бағытында айтарлықтай әлеуеті бар.

### Қорытынды

Мақалада Қазақстан Республикасындағы емдеу-сауықтыру туризмі нарығына шолу ұсынылған. Емдік-сауықтыру туризмінің табиғи-рекреациялық ресурстарына бағалау жүргізілді, Алматы облысы аумағының ерекшеліктері зерттелді.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде келесі нәтижелер алынды:

- Алматы облысындағы емдік-сауықтыру туризмнің ерекшеліктері айқындалды. Емдік-сауықтыру туризмнің табиғи-ресурстық және әлеуметтік-экономикалық әлеуетін пайдаланудың теориялық негіздеріне зерттеу жүргізу ЕСТ түсінік аппаратының мазмұнын ашуға, ЕСТ өзіндік анықтамасын беруге, табиғи-рекреациялық әлеуетті бағалауды есептеудің әдістемесі бойынша Алматы облысына оңтайлы тәсілдемелі анықтауға және туристік қызметтер нарығы жүйесінде емдік-сауықтыру туризмнің орнын айқындауға мүмкіндік берді;

- Алматы облысының аумағында емдік-сауықтыру туризмнің сан алуан табиғи-рекреациялық ресурстары жүйеленді. Емдік-сауықтыру қызметтерінің қалыптасып келе жатқан нарығында айқындалған ерекшеліктер Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайының даму деңгейіне тәуелді екенін көрсетті. Қазақстан Республикасында емдік-

сауықтыру қызметі туристік, экономикалық және әлеуметтік факторлар тығыз тоғысқан туристік индустрияның маңызды құрамдас бөлігі.

- Алматы облысы әкімшілік аудандарының бөлінісінде емдік сулардың бальнеологиялық ресурстармен қамтамасыз етілу есептемесі және жайлылықты бағалау өлшемшарттары орындалды. Алматы облысы бойынша минералды сулардың қоры жылына 2171687,95 м<sup>3</sup> жуық. Ұйғыр ауданы ең жоғары мәнге ие – 1261440 м<sup>3</sup>/жыл. Соңғы жылдары Албан-Арасан қайнар су көзінің негізінде 30-дан астам демалыс нысандары құрылды, бұл осы ауданда емдік туризмнің белсенді дамуына әкелді. Минералды бұлақтар басқа төрт ауданда және Алматы қаласында да бар.

- Алматы облысының емдеу-сауықтыру туризмінің карта-схемасы әзірленді. Албан-Арасан көзі орналасқан Ұйғыр ауданына ерекше назар аударып отырып, өңірде емдеу-сауықтыру туризмін дамыту үшін кешенді талдау жүргізілді, сондай-ақ Қонаев қаласының аумағының әлеуеті зор екенін көрсетті. Алматы аймағында туризмді дамытудың өңірлік бағдарламаларында Алматы облысының мен Қонаев қаласының елді мекендері зор туристік қызығушылықты білдіреді, алайда Албан-Арасан су көздерін ЕСТ дамытудың әлеуетті өңірі ретінде мүлдем қарастырылмаған. Албан-Арасан су көзінің әлсіз минералданған құрамы демалушылар мен емделушілер үшін таптырмас құрал. Талдау аталған өңірдің туризмді жақсарту үшін, оның ішінде емдік-сауықтыру туризмін дамыту жолында зор әлеуетке ие екенін көрсетті.

Емдік-сауықтыру туризмін дамыту саласындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін мынадай тұжырымдық тәсілдемелерді әзірлеу ұсынылады:

1) ЕСТ дамыту стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеуде рекреациялық ресурстарды бағалауға аса мән беріп, зерттеудің теориялық нәтижелерін пайдалану;

2) ҚР-да туризм саласының және денсаулық сақтау саласының мүдделерін қамтитын емдік-сауықтыру туризміне арналған бірыңғай бағдарламаны әзірлеу. Алматы қаласы және Алматы облысының туризмін дамыту стратегиясына Албан-Арасан қайнар су көзіне ерекше назар аударып, емдік-сауықтыру туризмі сегментін қосу;

3) Емдік-сауықтыру туризмі саласын реттеу және бақылау бойынша бірыңғай мемлекеттік органды қалыптастыру. Қызметтер сапасын мемлекеттік бақылау, шипажай-курорттық ме-

кемелерге сертификаттауды жүргізу және оларды Қазақстан Республикасының стандартына сәйкестендіру;

4) Мемлекеттік және жеке мекемелердің еңбек шартына жұмысшылардың дене және моральдық күшін қалыпқа келтіру мақсатында оларды шипажай-курорттық орталықтарға жіберу туралы тармақты енгізу. Мемлекет осы бастаманы қолдау үшін ұйымдарды түрлі көтермелеумен (салық жеңілдіктері, льготалар және т.б.) ынталандыру керек;

5) ЕСТ саласына инвесторларды тарту. Мемлекет тарапынан инвесторларға субсидиялар, салық жеңілдіктері түрінде ынталандыру құралдарын енгізу;

6) Шипажай-курорттық ұйымдарда жетекші әлемдік курорттардың стандарттары бойынша келушілердің бос уақытын ұйымдастыру бағдарламаларын әзірлеу;

7) Емдік-сауықтыру туризмі өнімін жылжыту саясатын жетілдіру, қазіргі заманғы технологияларды игеру, халықаралық брондау жүйесі

базасына енгізу, емдік-сауықтыру орындарын интернетпен қамтамасыз ету, шетелде жарнамалау арқылы шетел туристерін тарту;

8) Жоғары оқу орындарында аясында туристік мамандықтар мен медициналық базаларда жас мамандарды сапалы даярлауды арттыру. Осыған байланысты туризм бағыты бойынша студенттерді даярлаудың мемлекеттік бейініне «Емдік-сауықтыру туризмі» жаңа білім беру бағдарламасын енгізу ұсынылады;

9) Минералды ресурстарды ұтымды пайдалануды реттеу үшін курорттық іс институтын жаңғырту;

10) Шипажай-курорттық кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасын жаңарту мақсатымен амортизациялық субсидияларды ұсыну бойынша мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу;

11) Албан-Арасан су көзінің негізінде емдеу шараларын, сондай-ақ туристік бейіндегі ойын-сауықтық қызметтердің кең ауқымын ұсынумен емдік-сауықтыру кластерін әзірлеу.

#### Әдебиеттер

- Aliyeva Z., Sakypbek M., Aktymbayeva A., Assipova Z., Saidullayev S. Assessment of recreation carrying capacity of Ile-Alatau national park in Kazakhstan //Geo Journal of Tourism and Geosites. – 2020. – Т. 29. – №. 2. – С. 460-471.
- Carrera P.M., Bridges J.F.P. Globalization and healthcare: understanding health and medical tourism //Expert review of pharmacoeconomics & outcomes research. – 2006. – Т. 6. – №. 4. – С. 447-454.
- Connell J. Medical tourism—concepts and definitions //Handbook on medical tourism and patient mobility. – Edward Elgar Publishing, 2015. – С. 16-24.
- Hopkins L., Labonté R., Runnels V., Packer C. Medical tourism today: what is the state of existing knowledge? //Journal of public health policy. – 2010. – Т. 31. – С. 185-198.
- Jagyasi P. Defining medical tourism. Another approach //Medical Tourism Magazine. – 2008. – Т. 6. – С. 9-11.
- Lade C., Strickland P., Frew E., Willard P., Osorio S.C., Nagpal S., Vitartas P. Chapter 9 The Future of Health and Wellness Tourism//In: Lade, C. et al. (ed). Oxford: Goodfellow Publishers. – 2020. <http://dx.doi.org/10.23912/9781911635222-4758>
- Mueller H., Kaufmann E. L. Wellness tourism: Market analysis of a special health tourism segment and implications for the hotel industry //Journal of vacation marketing. – 2001. – Т. 7. – №. 1. – С. 5-17.
- Nahrstedt H. Die Kurorton Meclizine unci Voiteile. – Bern, 1997. – P. 197.
- Rydback M. Healthcare service marketing in medical tourism: An emerging market study : дис. – Huddinge: Södertörns högskola, 2021. p. 230
- Smith M., Puczkó L. More than a special interest: Defining and determining the demand for health tourism //Tourism recreation research. – 2015. – Т. 40. – №. 2. – С. 205-219.
- Wellness tourism / Global Wellness Institute. [Электронный ресурс]. URL: <https://globalwellnessinstitute.org/what-is-wellness/what-is-wellness-tourism/>, (доступно 11.10.2024).
- World Tourism Organization and European Travel Commission (UNWTO). Exploring Health Tourism. – Madrid. – 2018. – p. 52.
- Абенова Е.А., Сайдуллаев С. З. Комплексная оценка потенциала Алматинской области в направлении развития лечебно-оздоровительного туризма //Central Asian Economic Review. – 2020. – №. 2. – С. 182-195.
- Каленова С.А. О необходимости формирования бренда казахстанского медицинского туризма и продвижения медицинских услуг Республики Казахстан на международный рынок //Материалы круглого стола, 23 мая 2018 г. – Алматы: Университет «Туран»: 66 с.
- Кольцова А.А. Природные рекреационные ресурсы лечебно-оздоровительного туризма: геоэкологический анализ использования в Хабаровском крае [Текст]: дис. ... канд. геог. наук: 25.00.36 / А.А. Кольцова. Хабаровск, 2014:156 с.
- Комитет геологии и недропользования РК. Справочник месторождений Казахстана: Подземные воды Республики Казахстан [Электронный ресурс] URL: <http://info.geology.gov.kz/ru/informatsiya/spravochnik-mestorozhdenij-kazakhstan/podzemnye-vody/category/groundwater>. (Доступно 26.12.2020).



ҚР өңірлерінің статистикасы. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. URL: <https://stat.gov.kz/ru/region/almatyobl/>.

Национальный атлас Республики Казахстан. [Карты] Том 2.: Транспорт. 2 – е изд., перераб. и доп. / гл. ред. д.г.н., проф. Медеу А.Р. – Алматы, 2010. – 158 с.

Нудельман М.С., Социально-экономические проблемы рекреационного природопользования. – Киев: Наукова думка, 1987. – 235с.

Преловский В. И., Виговская В. Н. Оценка ресурсов пляжного туризма туристско-рекреационной особой экономической зоны на острове Русский (Японское море) //Морские берега-эволюция, экология, экономика. – 2012. – С. 349-352.

Селуянов В.Н., Федякин А.А. Теоретико-методические основы оздоровительного туризма [Текст]: монография. М.: ТВТ Дивизион, 2018. – 144 с.

Шкуринский Б. В. Методика медико-географического районирования территории (на примере Западно-Казахстанской области) //Гидрометеорология и экология. – 2014. – №. 4 (75). – С. 110-122.

## References

Aliyeva Z., Sakypbek M., Aktymbayeva A., Assipova Z., Saidullayev S. (2020). Assessment of recreation carrying capacity of Ile-Alatau national park in Kazakhstan. *Geo Journal of Tourism and Geosites*, 29(2), 460-471.

Carrera P.M., Bridges J.F. (2006). Globalization and healthcare: understanding health and medical tourism. *Expert review of pharmacoconomics & outcomes research*, 6(4), 447-454.

Connell J. (2015). Medical tourism—concepts and definitions. In *Handbook on medical tourism and patient mobility* (pp. 16-24). Edward Elgar Publishing.

Hopkins L., Labonté R., Runnels V., Packer C. (2010). Medical tourism today: what is the state of existing knowledge?. *Journal of public health policy*, 31, 185-198.

Jagyasi P. (2008). Defining medical tourism. Another approach. *Medical Tourism Magazine*, 6, 9-11.

Lade C., Strickland P., Frew E., Willard P., Osorio S.C., Nagpal S., Vitartas P. (2020) “Chapter 9 The Future of Health and Wellness Tourism” In: Lade, C. et al. (ed) . Oxford: Goodfellow Publishers <http://dx.doi.org/10.23912/9781911635222-4758>

Mueller H., Kaufmann E. L. (2001). Wellness tourism: Market analysis of a special health tourism segment and implications for the hotel industry. *Journal of vacation marketing*, 7(1), 5-17.

Nahrstedt H. (1997). *Die Kurorton Meclizine unci Voiteile*. Bern. 197.

Rydbäck M. (2021). Healthcare service marketing in medical tourism: An emerging market study : дис. – Huddinge: Södertörns högskola, 230

Smith M., Puczkó L. (2015). More than a special interest: Defining and determining the demand for health tourism. *Tourism recreation research*, 40(2), 205-219.

Wellness tourism / Global Wellness Institute. [Электронный ресурс]. URL: <https://globalwellnessinstitute.org/what-is-wellness/what-is-wellness-tourism/>, (доступно 11.10.2024).

World Tourism Organization and European Travel Commission (UNWTO) (2018). *Exploring Health Tourism*. Madrid, 52.

Abenova E. A., Saidullaev, S. Z. (2020). Kompleksnaja ocenka potenciala Almatinskoy oblasti v napravlenii razvitiya lechebno-ozdorovitel'nogo turizma [Comprehensive assessment of the potential of Almaty region in the direction of development of health and wellness tourism]. *Central Asian Economic Review*, (2), 182-195.

Kalenova S. A. (2018). O neobhodimosti formirovaniya brenda kazakhstanskogo medicinskogo turizma i prodvizheniya medicinskih uslug Respubliki Kazahstan na mezhdunarodnyj rynek [On the need to form a brand of Kazakhstani medical tourism and promote medical services of the Republic of Kazakhstan to the international market]. “Formation of the brand of Kazakhstani medical tourism and promotion of medical services of the Republic of Kazakhstan to the international market”: Materials of the round table. – Almaty: Turan University: 66 p.

Koltsova A. A. (2014). Prirodnye rekreacionnye resursy lechebno-ozdorovitel'nogo turizma: geojekologicheskij analiz ispol'zovaniya v Khabarovskom krae [Natural recreational resources of health and wellness tourism: geoeological analysis of use in Khabarovsk Krai]: dis. ... cand. geog. sciences: 25.00.36. Khabarovsk, 156.

Committee of Geology and Subsoil Use of the Republic of Kazakhstan. *Directory of Deposits of Kazakhstan: Underground Waters of the Republic of Kazakhstan* [Electronic resource]. URL: <http://info.geology.gov.kz/ru/informatsiya/spravochnik-mestorozhdenij-kazahstana/podzemnye vody/category/groundwater>. (Available 26.12.2020).

Nacional'nyj atlas Respubliki Kazahstan [National Atlas of the Republic of Kazakhstan]. (Maps). Volume 2: Transport. 2nd ed., revised and enlarged / ed. in chief D.Sc. (Geography), prof. Medeu A.R. – Almaty, 2010. – 158 p.

Nudelman M.S. (1987). Social'no-jekonomicheskie problemy rekreacionnogo prirodopol'zovanie [Socio-economic problems of recreational nature management]. Kyiv: Naukova Dumka, 235.

Official website of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan Bureau of National Statistics. Statistics of regions of the Republic of Kazakhstan. URL: <https://stat.gov.kz/ru/region/almatyobl/>.

Prelovskiy V.I., Vigovskaya V.N. (2012). Ocenka resursov pljazhnogo turizma turistsko-rekreacionnoj osoboj jekonomicheskoy zony na ostrove Russkij (Japonskoe more) [Assessment of beach tourism resources of the tourist and recreational special economic zone on Russky Island (Sea of Japan)]. In *Sea shores – evolution, ecology, economics*, 349-352.

Seluyanov V.N., Fedyakin A.A. (2018). Teoretiko-metodicheskie osnovy ozdorovitel'nogo turizma [Theoretical and methodological foundations of health tourism]: monograph. Moscow: TVT Division, 144 p.

Shkurinsky B. V. (2014). Metodika mediko-geograficheskogo rajonirovaniya territorii (na primere Zapadno-Kazahstanskoj oblasti) [Methodology of medical and geographical zoning of the territory (on the example of the West Kazakhstan region)]. Hydro-meteorology and ecology, (4 (75)), 110-122.

**Авторлар туралы мәлімет:**

Сайдуллаев Сабиржан Зихрулламович – аға оқытушы, Нархоз университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [sabyrzhan.saiduallaev@narхоз.kz](mailto:sabyrzhan.saiduallaev@narхоз.kz));

Актымбаева Алия Сағындыковна (хат-хабар алмасу үшін автор) – география ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [Aliya.Aktymbayeva@kaznu.edu.kz](mailto:Aliya.Aktymbayeva@kaznu.edu.kz));

Актымбаева Бакыт Избасаровна – география ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [b.aktymbayeva@mail.ru](mailto:b.aktymbayeva@mail.ru));

Нуржанова Айнур Мырзағалиевна – аға оқытушы, Нархоз университеті (Алматы, Қазақстан);

Какимжанов Еркін Хамитович – PhD, доцент міндетін атқарушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [erka\\_7717@mail.ru](mailto:erka_7717@mail.ru)).

**Information about authors:**

Sabyrzhan Zikhrullamovich Saidullayev – Senior Lecturer, Narхоз University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [sabyrzhan.saiduallaev@narхоз.kz](mailto:sabyrzhan.saiduallaev@narхоз.kz));

Aliya Sagyndykovna Aktymbayeva (corresponding author) – Candidate of Geographical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [Aliya.Aktymbayeva@kaznu.edu.kz](mailto:Aliya.Aktymbayeva@kaznu.edu.kz));

Bakhyt Izbasarovna Aktymbayeva – Candidate of Geographical Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [b.aktymbayeva@mail.ru](mailto:b.aktymbayeva@mail.ru));

Ainur Myrzagalievna Nurzhanova – Senior Lecturer, Narхоз University (Almaty, Kazakhstan);

Erkin Khamitovich Kakimzhanov – PhD, Acting Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [erka\\_7717@mail.ru](mailto:erka_7717@mail.ru)).

Келін түсті: 20 шілде 2024 жыл  
Қайта жіберілді: 10 қыркүйек 2024 жыл  
Қабылданды: 23 қараша 2024 жыл